ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 қараша №5265-23-00-2/2864 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Конысбаева,
сот отырысының хатшысы Н.М.Жаулыбайдың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сарыағаш ауданы әкімінін аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «BELES» Дайрабек Ержігіт Тәжеуханұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап коюшының өкілі Талипов Н.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 19 шілдеде тараптар арасында №122 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты түзілген (әрі қарай – шарт).

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер жалпы сомасы 455 000 теңгеге «ақпараттық жүйені қостау және техникалық қолдау көрсету бойынша Е-қызмет ақпараттық жүйесімен интеграциялау» бойынша қызмет бойынша сервистік қызмет көрсету» тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес техникалық ақаулар туындаған кезде қызмет көрсетуі міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерге 2023 жылдың 28 шілдесіне дейін қызмет көрсету жөнінде сұраныс хат жолдаған, алайда жауапкер өзін міндеттемелерін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 05.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.02.2024, судья Сейтжанұлы С., 29.02.2024
5265-23-3-6/289

Талап қоюшы жауапкерге шартқа сәйкес, өзінің міндеттерін орындамады деген негізбен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Тиісті түрінде хабарланған жауапкердің өкілі сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сай іс келмеген тараптардың қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 19 шілде № 122 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына қызмет көрсетпгені үшін 20 күнге есептелген 9100 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (455 000*0,1%*20).

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 05.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.02.2024, судья Сейтжанұлы С., 29.02.2024
5265-23-3-6/289

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сарыағаш ауданы әкімінін аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «BELES» - Дайрабек Ержігіт Тәжеуханұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «BELES» - Дайрабек Ержігіт Тәжеуханұлынан мемлекеттің пайдасына 9 100 (тоғыз мың бір жүз) теңге тұрақсыздық, 1 998 (бір мың тоғыз жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 05.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2024, судья Сейтжанұлы С., 29.02.2024

5265-23-3-6/289